Проблема героя и героизма может быть рассмотрена с различных точек зрения. В данном докладе дается краткий историко-философский экскурс по названной проблеме.

Идеалы героя и героизма в древности воплощались и воспроизводились различных формах народного творчества: в сказках, мифах, героическом эпосе. Характерной чертой героев в древних мифах и эпосах является неразрешимое противоречие помыслов и деятельности, проявляющиеся в том, что жизнь героев – это страдание как их неизбежная участь, порождающая конечностью, физической ограниченностью жизни и необходимостью исполнения предназначения богов. Так, уже в одном из самых древних источников – эпосе о Гильгамеше (шумерский и аккадский герой XXVII – XXVI вв. до н.э.) приведена идея о безуспешности, тщетности попыток человека получить бессмертие, свойственное богам. И единственно возможное бессмертие для героя – это память сохранившаяся у потомков.

У древних греков – герой как правило сын или потомок божества и смертного человека. Как человек герой смертен, божественно бессмертен, возможно через подвиги и славу, благодарную память среди потомков. Отсюда драматизм, коллизии и даже трагичность жизни героя.

Понимание сути героизма и героя видоизменяются в различные исторические эпохи. Так, если в древних сказаниях и героическом эпосе герой представляет себя в первую очередь и главным образом в боевых действиях или в борьбе с разными угрозами интересам племени или народа, то в новое время появляются другие характеристики. Например, Дж. Бруно в своем произведении «О героическом энтузиасте» выделяет новое по сравнению с предыдущими историческими периодами качество героя: Это стремление постичь истину бытия сущность вещей и сделать их достижением всех людей. Кроме того, герой – это не только бог, кто побеждает внешних врагов, но тот, кто побеждает свои страхи, страсти и склонности. Бруно обращает внимание, возможно, одним из первых, на одиночество героя в связи с тем, что далеко не всегда его деятельность может быть понята современниками.

Другой итальянский философ Дж. Вико (XVIII в.) считая, что героизм – это характеристика особой фазы историческом циклическом развил о существе вообще. Он выдвинул идею о том, что человечество проходит три ступени развития: «век богов», «век героев», «век людей». Вико полагал, что в гражданско – правовом обществе, т.е. «веке людей», героизм невозможен. Он писал «Героизм теперь по самой природе гражданственности невозможен... Поэтому нужно придти к тому заключению, что героя в нашем смысле слова угнетенные народы жаждут, философы изучают, поэты воображают, но гражданская природа ... не знает такого рода благодетелей» [1].

По учению Гегеля Г.В. , который развил идею Вико, деятельность героя – это совпадение самодеятельности индивида личности с ее всеобщим значением.

Известный английский историк XIX века Томас Карлейль считает, что задатки и наклонности стать героем имеются у каждой личности, но реализация их зависит от воспитания, времени и социально – исторической обстановки. Здесь мы видим смещение акцента в рассмотрении проблемы героя в социально – культурологическую плоскость. Смысл и значение деятельности героя в том, чтобы сделать знание истины достоянием всех людей, и что герои играют роль предводителя, вождя и пророка. В этом плане характерно, что свое произведение «Герои, почитание героев и почитание в истории » он начинает с главы об основателе ислама, пророке Мухаммеде. Хотя Карлейль исходит из того, что задатки героя имеются у каждого, он считает, что наиболее вероятными сферами проявления героизма являются политика и искусство. Важно отметить, что согласно концепции Карлейля «история мира – это жизнеописание великих людей».

Т.е. для него двигатель истории – это герои. Заметим: Свое крайнее выражение эта идея получила в учении Ф. Ницше о «сверхчеловеке», а практическое воплощение – в фашизме.

Марксизм в данной проблеме исходит из идеи о том, что подлинные герои порождаются великими историческими эпохами, чаще переходными. С этой точки зрения характерно высказывание К. Маркса о том что, «...как ни мало героично буржуазное общество, для его появления на свет понадобились героизм, самопожертвование, террор, гражданская война и битвы народов» [2]. Сущность героев в истории афористично выразил Г.В. Плеханов: «Великий человек – это тот, кто видит дальше других и хочет сильнее других».

Так кто же такой герой?

У древних греков герой обладает такой предельной мощью, отвагой, силой, мужеством, которые не умещаются в обычное человеческое измерение. Отсюда – герой имеет полубожественное происхождение. Само слово герой означает «полубог». У Гомера есть герои по мощи и значимости поступков, отваге (Ахилл, Гектор и др. «Илиада»), и герои, так сказать, по происхождению, т.е. благородный человек, имеющий славных предков (Одиссей. «Одиссея»). В Словаре Тесихия Александрийского (6 в.) герой – это человек «мощный, сильный, благородный, значительный».

С такой характеристикой героя созвучен и сопоставим термин «батыр» (от древнетюркского «багатур» - храбрый воин), который вошел, по мнению специалистов, не позднее 6-века в фольклор, сказания и быт тюркских народов. До наших дней дошли эпосы и сказания, рассказы о батырах Кобланды, Ерсайне, Алпамысе, Бокенбае, Есете и многих других.

В БСЭ с понятием героя связывается «свершение выдающихся по своему общественному значению действий, отвечающих интересам народных масс, передовых классов и требующих от человека личного мужества, стойкости, готовности к самопожертвованию» [3].

В Философском словаре французского автора «герой – человек, чья воля к преодолению препятствий возвышает его над остальными людьми. ...Героем является тот, кто воплощает в себе национальное или революционное дело, кто ...образует подлинную историческую силу (все великие национальные или политические фигуры являются героями в этом смысле слова). Наконец, герой может быть создателем важных культурных ценностей» [4].

Обобщение приведенных и ряда других определений или толкований смысла терминов «герой», «героизм», «героическое» подводит к такому важному понятию, как этос героя.

Понятие «этос» своим возникновением восходит к древнегреческой философии и обозначал привычки, нравы, темперамент, обычаи. Аристотель различал понятия «этос», как совокупность некоторых нравственно-императивных принципов, которыми люди руководствуются в

своей деятельности, и противоположный термин «патос» (от «пафоса»), обозначающий поведение беспокойное, хаотичное, аффективное. Этос разумен, патос – иррационален; этос созидает и развивает общество, патос разрушает, он ценностно деструктивен, приводит к порче нравов. К слову сказать, наше общественное бытие в последние десятилетия, особенно в 90-годы Аристотель наверняка назвал бы не этосным, а патосным, другими словами, патологическим в связи с тем, что для деятельности значительных сил, групп людей характерны не этосные доминанты, а патосные. С этой точки зрения, я думаю, был прав великий немецкий поэт Генрих Гейне, когда писал, что «когда уходят герои, на арену выходят клоуны».

В современной соответствующей философской литературе этос истолковывается в целом как совокупность основных принципов, которые служат идеальными ориентирами в деятельности тех или иных социальных групп. Так, например, достаточно хорошо разработан этос науки.

Выделим теперь основные черты этоса героя.

Герой – яркое, концентрированное проявление таких человеческих качеств, как мужество, отвага, готовность к самопожертвованию во имя идеи, в интересах той общности (рода, племени, народа, страны, государства), к которому он принадлежит.

Герой – носитель высших ценностей своего социума в тот или иной исторический период.

Действия героя становятся предметом восхищения и подражания для многих людей, и появляется такой феномен, как коллективный, массовый героизм, когда героизм становится чертой не отдельных личностей, а значительной массы людей, а то и целого народа. Это было замечено еще древними греками, от которых до нас дошло такое выражение: «Кто сказал, что греки воевали как герои? Это герои воевали как греки!» В этом плане, если взять не столь уж давнюю историю Советского Союза, можно наглядно видеть действенность такого элемента «этоса» (привычки, нравы, обычаи) героя как способность героя своим примером оказывать мобилизирующее влияние на тысячи и миллионы людей. Даже учитывая понятную в таких случаях гиперболизированность, нужно признать, что в таких выражениях, как «героический советский народ», «города – герои» и т.п., имелся глубокий объективный смысл.

Подвиги героя играют огромную роль в воспитании подрастающего поколения, они – ориентиры деятельности и активности особенно в критических, или, как говорят философы, пограничных ситуациях, возникающих в обществе.

Что мы имеем в настоящее время?

В период т.н. перестройки, затем в 90-е годы по общеизвестным причинам произошел резкий сдвиг, дрейф ценностей общества, разрушился аксиологический каркас огромной страны, в духовной сфере

образовался небывалый мотивационный вакуум, который немедленно привел к мотивационному хаосу. Началась порча ценностей и в области проблем, а именно – оголтелая, истеричная кампания дегероизации всей советской истории с помощью клеветы, профанации, анекдотизации и опошления, обесмысливания, чаще всего путем наглой лжи, великих свершений и подвигов героев войны, труда и всего советского народа. В итоге социально-культурное, нравственно- ценностное пространство героев заполнили антигерои. Примеров тьма, достаточно вспомнить, о каких «героях» круглосуточно вещают СМИ.

В заключение приведу цитату из упомянутой выше работы Томаса Карлейля: «Я думаю, что уважение к героям, - писал он, - в различные эпохи проявляющееся различным способом, является душой общественных отношений между людьми и что способ выражения этого уважения служит истинным масштабом нормальности или ненормальности господствующих на свете отношений».

Актуальность воспитания современной молодежи, нам видится именно в том, чтобы всесторонне раскрыть роль героя (батыра) как социо-культурного феномена на примере древних героев и наших прославленных батыров, в историческом и духовном становлении народа. Ибо, «несчастлива та страна, у которой нет героев» (Пьер Буаст. Французский лексикограф и афорист XVIII-XIX вв).

Список использованной литературы:

1. Основания новой науки, Л., 1940, с. 205
2. К.Маркс и Ф.Энгельс, соч. т.8, с. 120
3. Большая Советская Энциклопедия, М., 1971, Т. 6, с.422
4. Дидье Жюлиа. Философский словарь. М., 2000, с.85.

ЗУЛКАШЕВ Қ. Ә.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Азаматтық құқық дегеніміз — азаматтық заңдарда көрініс тапқан мүліктік және мүліктік қатынастармен байланысы бар мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы. Бұл нормалар азаматтық заңнамада көрініс тапқан.

Нарықтық қатынастар, негізінен, азаматтық құқықпен реттеледі. Нарықтық қатынастар кең етек жая дамыған елдерде Азаматтық кодекс екінші Конституцияға тенес-тірілген

Азаматтық құқытың да өзіндік реттеу пәні бар. Ол —мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастар. Мүліктік қатынастар дегеніміз — мүлікті

иелену, пайдалану және билік етуге (басқа біреуге беру) байланысты қатынастар. Басқаша айтқанда, мүліктік қатынастар —материалдық игіліктермен(мүлік,ақша,құнды қағаз,қызмет көрсету және т.б.) байланысты қоғамдық қатынастар. Мысалы, сату — сатып алу, жалға беру, мұраға қалдыру. Мүліктік емес жеке қатынастар екі топқа бөлінеді — мүліктік қатынастармен тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар және мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар.

Бірінші топтағы мүліктік қатынастармен тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастардың тікелей мүліктік сипаты мен ақшалай құны болмайды. Бұл топтың негізін интеллектуалдық меншікпен байланысы бар қатынастар құрайды.

Ғылыми еңбектің авторы немесе өнертапқыш өзінің авторлық құқығын қорғауға байланысты сотқа талап арыз беріп, арыз сот арқылы қанағаттандырылатын болса, онда ғылыми еңбектің авторының немесе өнертапқыштың қаламақы немесе басқалай сыйақы алуға құқығы болады. Бұл жағдайда мүліктік емес жеке қатынастар мүліктік қатынастармен байланыстылық сипат алады.

Жеке мүліктік емес қатынастардың екінші тобын — мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар құрайды.

Адам денсаулығына көлік арқылы зиян келтірілді. Денсаулыққа келтірілген зиянның нақты ақшалай құнын анықтауға болмайды. Дегенмен де, азаматтық құқықтың нормалары істің мән-жайына байланысты денсаулыққа келген зиянның орнын толтыруды реттейді (зиян келтірушінің кінәсін, зиян келтіруші мен жөбірленушінің материалдық жағдайын және т.б.).

Жеке өмірге, тұрғын үйге, ар-намысқа, іскерлік беделге қолсұқпаушылық екінші топтағы жеке мүліктік емес қатынастарға жатады.

Реттеудің азаматтық-құқықтық әдісі заңды тараптардың теңдігін, құқық бұзушылық кезіндегі жауапкершіліктің мүліктік және өтемақылық сипатын, сотқа жүгіну арқылы жүзеге асатын құқық қорғаудың айрықша әдісін білдіреді. Бұл әдіс диспозитивті деп аталады. Бұл тараптардың теңдігін, әрекеттің тәуелсіздігін, қарым-қатынастың еріктілігін білдіреді.

Дүкен иесі тауар жеткізіп берушілерді өзі анықтайды, тараптар баға мен басқа да шарттар туралы келіседі және бұл әрекеттерді келісімшарт түрінде рәсімдейді. Аталған келісімшарт бұзылғанда тараптар келісімшарттың күшін жояды, ал бір-біріне қоятын талаптары болса, онда ол мәселелер сот арқылы шешіледі.

Азаматтық құқықтың қағидалары

Азаматтық құқықтың қағидаларына:

- тараптардың теңдігі;
- шарт еркіндігі және таңдау құқығы;
- еркіндік;

- тәуелсіздік;
- меншікке қолсұқпаушылық;
- біреудің жеке ісіне келісімсіз араласпауы;
- азаматтық құқықтардың еш кедергісіз жүзеге асырылуы;
- бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- азаматтық-құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқықтарын сот арқылы қорғау жатады.

Аталған қағидаларды азаматтық құқықтың барлық қатысушылары басшылыққа алуы тиіс, өйткені олар әрбір адам өмірінің негізін қалаушы мәнге ие.

Азаматтық құқықтың жүйесі

Азаматтық құқықты қолдануды жеңілдету үшін оны жалпы және ерекше бөлімдерге бөледі. Азаматтың құқықтың жалпы бөліміне жалпы ережелерді реттейтін нормалар жатады. Олар: келісімшарт, меншік құқығы және міндеттемелік құқығы. Ерекше бөлімді, негізінен, нақты қатынастарды реттейтін нормалар құрайды. Олар — айырбас, жалға алу, сатып алу- сату, интеллектуалдық меншік, авторлық құқық және өсиетнама.

[Азаматтық құқықтың қайнар көздері

Азаматтың құқықтың қайнар көздеріне мыналар жатады: Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция меншіктің түрлі нысандарын қалыптастыру үшін меншікке байланысты қатынастарды, оның ішінде мүліктік қатынаспен байланысты жеке мүліктік емес түрлі қатынастарды реттеу негізінде енгізілген.

6-бапта:

1. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс,
2. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықырын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау келілдіктері заңмен белгіленеді.
3. Жер мен оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде және жеке меншікте де болуы мүмкін» деп жария етілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтық құқықтың негіздері жүйесіндегі ерекше орынға ие. Бұл заңда азаматтың-құқықтық қатынастардың негіздері, азаматтық құқықтың негізгі институттары т.б. жағдайлар нақты баяндалған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлім 1994 жылы 27 желтоқсан күні қабылданып, 1995 жылы 1 наурызда заңдық күшіне енген, ал Ерекше бөлімі 1999 жылы 1 шілдеде заңдық күшіне енді. Азаматтық кодекстің

құрылымы бөлім, бөлімше, тарау, баптар мен тармақтарға бөлінген. Жалпы азаматтық кодекс 1142 баптан тұрады.

Басқа да заң актілері.

Бұған азаматтық қатынастарды реттейтін арнайы конституциялық заңдар мен жай заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар және жай заң күші бар жарлықтары, парламенттің және оның палаталарының қаулылары, т.б. жатады.

Заңға негізделген нормативтік құқықтық актілерге

Заңға негізделген нормативтік құқықтық актілерге әр түрлі министрліктер, атқарушы органдар, жергілікті органдардың азаматтық қатынастарды реттеуге арналған нормативтік құқықтық актілері жатады.

Әдеттегі құқықтар.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-бабының 3-тармағында: «Азаматтық қатынастар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін» деп көрсетілген.

Халықаралық шарттар (конвенциялар).

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде басқа мемлекеттермен әр түрлі шарттар жасасып жатады. Осы шарттардың азаматтық қатынастарды реттеуге қатыстылары азаматтық құқықтың негіздерінің бірін құрайды. Халықаралық шарттардың еліміздегі ішкі заңдарға қарағанда басымдылығы бар. Сол себепті ішкі заңдар халықаралық заңдарға қайшы келмеуі керек. Егер қайшылық туып жататын болса, халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

- Сонымен, азаматтық құқық дегеніміз — тараптардың бір-біріне тәуелсіздігіне, теңдігіне негізделген тауар-ақша қатынасы, басқа да мүліктік қатынастарға тікелей байланысты жеке қатынастарды реттеуге арналған құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негізгі қайнар көзіне Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, заңдар, заңға негізделген актілер, әдеттік құқық, т.б. жатады.^[1]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құқықтану: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / А.Ибраева, Б.Қуандықов, Ш.Маликова, С.Есетова. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. — 192 бет. ISBN 9965-36-002-2

БІЛІМ ҮРДІСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Мультимедиялық технологиялар – оқу үрдісінде қолданылатын жаңа ақпараттық технологиялардағы ең алып дамушы бағыттардың бірі. Олардың ерекшеліктерінің бірі – интерактивтік компьютерлік графика.

Жасанды интеллект саласында әйгілі маман Д.А.Поспелов когнитивті компьютерлік графиканың үш негізгі міндетін тұжырымдап берді.

Бірінші міндеті білімдер түсіндірудің сондай үлгілерін құрастыру болып табылады, онда логикалық ойлау үшін және образды ойлауды көрсететін образ-бейнелер сияқты нысандарды бір күйде түсіндіріп беру құралдары болады.

Екінші міндеті – мәтіндік суретті таңдау мүмкін емес адам білімдерінің визуализациясы.

Үшіншісі – бақыланатын образ-бейнелерден бақыланатын бейнелер қарқыны соңында жасырын механизмдер және үрдістер жайында кейбір болжам тұжырымдауға өту жолдарын іздестіру.

Күндізгі оқыту кезінде білім үрдісінің негізі дәрістер болып табылатындықтан, ақпаратты технологиялар дамуының дәл деңгейі деп арнайы жабдықталған оқу аудиторияларында оқылатын мультимедиялық дәріс курстарын тануға болады.

Мультимедиялық курстар игерілетін білімдердегі бақылаудың интерактивті қасиеттерімен жеке қашықтықта оқыту үшін және де топтық оқыту үшін де қолданылады.

Мультимедиялық технологиялар мәтіндік, графикалық, зерделенетін үрдістер түрлендіру нәтижелерімен анимациялық сипатта слайдтарды бағдарлама тұрғысында біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл дидактиканың классикалық қағидасын, яғни жаңа сапалы өте жоғары деңгейде мақсатына жету мүмкіндігі - көрнекілік қағидасын береді.

Мультимедиялық оқытушы технологиялар – бұл техникалық оқыту құралдары (ТОҚ) және оқытудың дидактикалық құралдарының – ақпарат тасымалдаушыларының жиынтығы.

Мультимедияның техникалық құралдары ақпараттың (дыбыс және сурет) аналогтықтан, яғни үздіксізден оны сақтау және өңдеу мақсатында сандық түрге өзгеруін, сондай-ақ бұл ақпараттың адам арқылы дұрыс қабылданатындай кері түрленуін қамтамасыз етеді

Оқытудың техникалық құралдарын бірқатар белгілер бойынша жіктеуге болады:

- Қызметтік бағыты бойынша
- Оқыту типі бойынша
- Құрылысы және жұмысының физикалық қағидалары бойынша

- Жұмыс логикасы бойынша
- Ақпарат беру сипаты бойынша
- Сезім органдарына ықпал ету сипаты бойынша

Оқытудың техникалық мультимедиялық құралдары ереже бойынша мыналарды мультимедиялық компьютер, DVD/CD ROM жетегімен жинақталған дыбыстық стереокартасы, дыбыстық стерео колонкалары, микрофон, бейне карта; теле бағдарлама және радио бағдарламаны қабылдайтын теле тюнерлер және радио тюнерлер (теле қабылдағыш және радио қабылдағыш платалары); сандық күйге келтіру үшін компьютерге бейне суреттерді енгізу құрылғысы; бейне ұнтаспа немесе бейне камерасы бар жұмысқа арналған плата; бейне камералар және сандық фотоаппараттар; теле конференцияларды және көзбен көріп, қатынас жасауға арналған WEB-камералар; кабинеттерді қараңғылату құрылғысы; дыбыстық өндірісі және бейне өндірісі және ақпараттық бейнелеу құрылғысы; техникалық құралдармен қашықтықта басқару құрылғыларын қамтиды.

Компьютерлік формаға түрленген дыбыстық ақпарат және әсіресе бейне ақпаратты сақтау үшін өте көп орын қажет. Сондықтан мультимедия қасиеттеріне ие бағдарлама өнімдері (оқулықтар, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу электронды курстары) ережеге сәйкес шағын дискілерде таралады. Яғни ондай өнімдерді пайдалану үшін DVD/CD ROM жинақтағышы қажет. Компьютерде дыбыспен және бейнемен жұмыс жүргізу үшін көптеген бағдарламалы құралдар өңделген, олар әртүрлі типтегі құрылғылардан әртүрлі форматтарда берілген дыбыстық ақпарат және бейне ақпаратты жазып алу, жүргізу, редакциялауды қамтамасыз етеді.

Оқытудың техникалық мультимедиялық құралдарын қолдану нұсқалары аса алуан түрлі, бірақ олардың ішінен үш негізгіні бөлуге болады: дәрістік курстар, сарамандық және зертханалық сабақтар, қашықтықта оқыту. Соңғысы ерекше қызығушылық тудыртады.

Оқытудың мультимедиялық құралдары адамның психикалық құрылымдары, соның ішінде ойлау қабілеті қалыптасуы және дамуына ықпал етеді. Ақпараттың осы күнге негізгі көзі болып табылатын баспасөз мәтіні шынайылықтан мазмұнын абстрагирлеу қағидасында құрастырылды және көпшілік тілдерде сол жақтан оң жаққа мәнерлеп оқу тәртібінде фразалар реттілігі ретінде ұйымдастырылды, бұл сызықтылық, реттілік, талдаушылық, иерархиялық сияқты осындай ерекшеліктерге тән баспасөз мәтінінің аналогиялық құрылымында құрылымға ие болып келетін ойлау іс әрекетіндегі тиісті дағдыларын қалыптастырады. Бұқаралық коммуникация және ақпараттың басқа құралдары – фотография, кино, радио, теледидар – баспасөз құрылымының өте айырмашылығы бар құрылымдары. Образдар және дыбыстар баспасөз ақпаратын қабылдау кезіндегі сияқты аралық қорытындыларымен нысаннан нысанға тыңдарман немесе көрермен

ойларының барысын бағыттамайды. Оның орнына олар субъектінің сезімдік жағына жүгінген тану үлгісін жасайды. Мультимедия құралы арқылы жасалған үздіксіз әрі қашықтықтан оқыту ортасында негізгі болып мультимедиялық ақпаратты ұйымдастыру және түсіндіру үрдістері табылады. Ол кодталып және дисплей экранында математикалық символдар, кестелер, графиктер, диаграммалар, дыбыспен, түрлі түсті бейнелермен толықтырылатын үрдістер бейнелері түрінде және т.б. берілуі мүмкін.

Мультимедиялық технологиялар психологиялық ықпал ету және қабылдау заңдарымен және зерделенетін пән мазмұнымен сәйкес әртүрлі бейнелеу құралдарын және мәнерлілікті пайдалануға мүмкіндік береді.

ОМҚ мүмкіндік береді:

- Дәріс ақпараттылығын жоғарылату;
- Оқыту мазмұнын ынталандыру;
- Құрылымдық артықшылық есебінде оқытудың көрнекілігін жоғарылату;
- Әртүрлі модальділіктерде ақпаратты параллельді беру есебінде ақпараттың қолжетімдігі және қабылдауын іске асыру: көзбен көру және есту арқылы (перманентті артықшылық);
- Дәріс кезінде жұмыстың қолайлы жағдайларын оқытушыға жасап беру.

Мультимедиялық ақпараттық орта арқылы жасалатын ашық оқыту шарттары оқушының ойын дамытуға, оны болатын және болмайтын жүйелі байланыстар және заңдылықтарды іздестіруге бағдарлауға көмектесуі тиіс.

Шынында тиімді деп студенттердің ойлау дағдыларын қалыптастыруды санауға болады, бұл кезде жаңа типтегі ойлаудың қалыптасқан ойлаудан айырмашылығы баспа ақпараттарын қабылдау және бұқаралық коммуникация құралдарын пайдалану.

Мультимедияны ендіру кезінде қайта құрастыруға ойлау жайындағы ұғымдар ғана емес, сонымен бірге басқа психикалық функцияларда: қабылдау, еске сақтау, түсіну, эмоциялар және т.б. жатады. Психологтар және педагогтар алдында үздіксіз және қашықтықтағы білім кезінде мультимедиялық құралдарды пайдалану және технологияландыру жағдайларында адамның психикалық функциялары және адами іс әрекет дамуын концептуалды суреттеу міндеті тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Язык программирования Java” Учебный курс Вадим Валериевич Монахов http://barsic.Spbu.ru/index_r.html

КАБИЖАНОВА Ж.М.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ БІЛІМНІҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы халыққа жолдауында «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп атады. Әрине, Президент жолдауындағы жаңа әлем, жаңа Қазақстан деген тіркестер бостан босқа айтылмаса керек. Оның астарында үлкен жүк, мағына жатқандығы бәрімізге түсінікті. Оны еліміздің жаңа тарихи кезеңдегі даму стратегиясының өзекті де күрделі, ел дамуын айқындаушы оның бағытына тереңдеген сайын айқын сезінудеміз.

Жаңа әлем деген жан- жақты ойластырылған, ауқымды түсінік біздің көз алдымызға нені әкеледі деп ойласақ, онда біз бірнеше аса маңызды сипаттарды бөліп көрсете аламыз. Ең алдымен, біз жаңа әлем деген күрделі, қайшылықты және күрт өзгермелі әлемде өмір сүріп отырғанымыз пайымдап, түйсінуіміз керек. Мұны бізге адамзат баласына теңдесіз қайғы қасірет әкелген, зорлық пен зомбылықтың небір сұрқия түрлері мен түстерін айқын көрсеткен XX ғасырдағы даму мен өзгерістер сипаты айқын дәлелдеп кетті. XXI ғасырдың адам баласы үшін оңай болмайтынын жақсы түсінеміз.

Екіншіден, жаңа әлемнің аса маңызды мәні әрі ерекшелігі жаһандану үрдісімен ашылады. Жаһандану - дүниежүзілік дамудың жетекші үрдісі. Соның аясында қазірде бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған жаңа тұрпатты проблемалармен бетпе-бет тұр. Оларды меңгеру, реттеу ендігі кезекте тек адамның өз тіршілігінің ғана емес, бүтіндей алғанда биосфераның да тіршілігінің өзекті мәселесі. Оларды шешу бүкіл адамзат қауымдастығының уақытын, қаржы-құралын, ресурстарын, әсіресе санаткерлік ізденісін, күш жігері мен әлеуметін, энергиясын қажет етеді.

Үшіншіден - қазіргі әлемдегі өзгерістердің, жаһандану және басқа үрдістер, олардың қорытындылары тікелей және жанама түрде адамдардың бүкіл тіршілігіне әсер етіп, әлеуметтік саланы жаңарған әлемнің ең басты бағыттарының біріне айналдырды.

Төртіншіден, қоғамдық қатынастардың барлық салаларындағы үрдістердің қатаң бәсеке жағдайында өтуі тереңдей түсуде. Мұндай жағдайлар осы оқиғалар өрбуінің негізгі авторы мен кейіпкері, яғни философиялық тілмен айтсақ, жаңа әлемнің субъектісі мен объектісі адам баласының да күрт өзгеруін қажет етеді. Дәл осы контексте Мағжан Жұмабаевтың білім туралы ізденістерінің маңызы аса зор.

Мағжан Жұмабаев та басқа зиялылар сияқты білім беру, халық ағарту мәселелеріне көп көңіл бөлді. Бұл XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қауымы үшін аса маңызды, кезек күттірмейтін әлеуметтік, мәдени, рухани мәселе еді. Ат төбеліндей аз ғана білімділер шоғырымен барлық жағынан

екпіндеп енген XX ғасырдың аласапыран үрдістерінде жоғалып кетпей, оның зауалдарына төтеп беру мүмкін емес еді. Дәл осы үрдіс жаңарған әлемдегі жаңа Қазақстан үшін де өз ақиқаттығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, өзінің ауқымдылығымен өте қажеттілігімен, кезек күттірмейтін өзектілігімен қоғамдық дамудың шешуші факторына айналып отыр.

Білім алу тек жай ғана сауатты болу ғана емес, өз болмысын, сонан соң дамыған тұлғаның жоғары сұранысына қарай айналадағы ортаны өзгерту деген сөз. Өзгерген орта жаңа қатынастар, ұмтылыстар жүйесін тудырады. Мұндай жағдай әр адамның жеке өмір сүру салты мен тәжірибесінен жоғары және әлдеқайда кең. Ол өзі күтпеген жерде ой туындататын, өзін-өзі ұйымдастыру қажеттігіне тап болады, яғни ол өз тәжірибесі мен мүмкіндігін кеңейтуге мәжбүр. Дәл осы уақытта білім адамға көмекке келеді. Әр түрлі білімдер жүйесінде бүкіл адам баласының тәжірибесі, іс-қимылы, сөздер мен ұғымдар заңдар мен әлем туралы теориялар әлеміне еніп, өзінің виртуалды болмысын одан әрі жалғастырған.

Білім - адам болмысын түбегейлі өзгертетін құндылық. Құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және адамды қалыптастыруда шешуші рол атқарады.

Ал құндылықтың өз мағынасы қалай? Жалпы қазақ өркениетінде «құн, құныкер» сөздері көбінесе адамға істелген қастандыққа құн сұрауға байланысты айтылады. Мысалы, ауызекі әңгімеде «әкесінің құнын сұрады», «ердің құны мың жылқы» деген сөз тіркестері жиі кездеседі. Ал философияда ол кең мағынада, әр нәрсенің маңыздылығына байланысты айтылады. «Құндылықтық қатынастар философияның негізгі мәселесі «Адам – әлем» қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады... Құндылықтар негізінен адам арқылы анықталатындықтан және олар адам үшін, оның дамуы, жетілуі үшін қажет болғандықтан әлеуметтік сипатқа ие болады» деп жазды ғалым С. Нұрмұратов [9, 161 б.].

«Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңінде Мағжан:

*«... Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,
Құлақ тігіп, көз салып, жиып — терсе.
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе...
«Өнер-білім — қарны ашқа ас!» - деп білсе
«Дүниенің теңізінде адасқанға,*

Тура жол көрсетейін, бас!» - деп білсе», — деп жаза отырып, білімнің ашыққан адам үшін ас қандай рол атқарса сондай маңызы бар екенін атап көрсетеді. Білім мәселесі оқулық жазу, мектеп ашу, балалардың сауатын ашу сияқты шараларды іске асырумен ғана шектелмеуі тиіс. Бұл әрине, өте қажетті шаралар. Оны жақсарту жолында

Мағжан біраз тер төккені мәлім.

«Жаз жетті. Қыс бойы саңырау, шырт ұйқыда, шала-жансар жатқан дала ояонды. Оған жан бітті... Он төртінші айдай, үлде мен бүлдеге оранған, жаңа бой жеткен қыз болды. Жастар, қыздар шешесінің қыс бойы үйде кигізбеген жаңа тіккен көйлек, күміс таққан шалқыларын киіп, қуанып, қуаныштары қойнына сыймайды. Кексе қыздар, бозбалалар, елдің жайлауы, биенің байлауы, жұрттың жиыны болатын мерзім де жетіп қалды-ау деп іштерінен қуанады. Биыл ойын-той көп болғай-ақ деп тілейді.

Міне, жаз жетті, дала әдемі, көңілді. Жалғыз-ақ, сол сүйкімді даланың орасан кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз. Ойсыз. Ішіп-жеу, ойнап-күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол - жарты адам» [5, 204 б.].

Осы үзіндіде Мағжанның білім туралы көзқарасының түпкі мақсаты айтылған. Білім — адамды адам ететін өзекті фактор. Соның арқасында ол жануарлар әлемінен жоғары көтеріліп, өзі шыққан табиғи ортадан биіктеп, оның қыры мен сырына үңілетін, сол тұрғыдан оны жан-жақты байыптайтын тұлға дәрежесіне көтеріледі. Жақсы киім, жақсы тамақ, ойын-сауық та қажет. Олар оның мерейін көтереді, өзін асқақ сезінуге жағдай жасайды. Бірақ бұл қажеттіліктер - тіршілік етуді тепе-теңдікте ұстап тұру үшін ғана керекті мұқтаждықтар. Олар адамның мән-мағынасын, оның өмірінің түпкілікті мақсатын, міндетін ашып бере алмайды. Күнделікті ойын-сауыққа берілген адам ешқашан да өзін толыққанды азамат ретінде сезіне алмайды. Өйткені көтеріңкі көңіл көлеңкелі, мұңды көңілмен ауысуы мүмкін. Адамның көңілін әруақытта көтеріп отыратын фактор - ол еңбек және тынымсыз ізденіс жасау. Ал тынымсыз ізденістің астарында білім жатыр ғой.

*«Білімге көңіл
Жоқ үйден түңіл - ...»
«Білімсіз — есек,
Опасыз десек,
Сөйлеп, күліп жүрсе де:
Өлікпен тең
Ит-құсқа жем*

Тірі боп ғұмыр сүрсе де», — деп ақын білімсіз адамның жарты болмысының образын жасайды. Әрине, сана сезімге қатты әсер ететін ұтымды сөздер, ұйқастар. Білімсіз адамнан жетесіне жеткізіп, түбін түскізе жирендіріп алып, оған карама-қарсы білімді адамды суреттейді. Білімді мен білімсіз өзара ұшырасқан жағдайда кімнің мерейі үстем болатындығы бірден көзге түседі. Өйткені, Мағжанның пікірінше:

*«Білген жан — көсемі!
Сөйлесе — шешен,
Жұртты аузына қаратар!*

*Істегені - өрнек,
Қор қылмас ермек,
Нәрсені іске жаратар!
Білімдінің сөзі — ем,
Мейірімі көп, өзі — кең!».*

Әрине, көп білген адамның дүниеге көзқарасының аясы кең, мүмкін жоғары. Әр нәрсенің байыбына барып, тереңіне бойлай алады, оның көрінбейтін тысқары астарына да үңіле алады. Сондықтан ол не болса соған ашуланып, тоңмойындық көрсетпейді. Егер жағдай өзі күткендей болмаса, соған бірден қорытынды жасап, айқай-шу шығармайды, әр оқиғаның, іс-әрекеттің артын бағады. Өйткені, әр адамның әр түрлі мүмкіндігі, көзқарсы болатындығын әрқашанда түсінеді. Сондықтан оған адамдармен араласу оңай, тез арада тіл табысып кете алады. Қайда барса ол сыйымды. Мағжан сөзімен айтсақ «білімі мол - бұйымды».

Білім адам баласын түбегейлі өзгерте алатын аса қажетті құндылық болғандықтан оған әруақытта ұмтылу қажет. Мағжанның білім туралы өлеңдерінің жалаң үгіттен әлдеқайда терең мағынада жазылғандығы оның осы тақырыптағы әрбір өлеңінен көрініс береді.

Осы тұста «Қарағым» деген шығармасын аттап өтуге болмайды.

*«Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай ойын құған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме,
«Қарманған қарап қалмас!» - деген рас
Тоқтамай істей білсең батып терге
Жасынан оқу оқып, өнер құған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге».*

Әрине, бұл өлеңнің әр жолының өзіндік жүгі бар. Қарағым, оқу оқы деп әке баласына айтқандай Мағжан өзінің туған ұлтына айтып отыр. Өзгермелі, мазасыз және күрделі әлемде өркениеттер жүйесінен өзіне лайықты орын алу үшін Қазақстан азаматтары осы заманғы жоғары талапқа сай білімді баолуы бірден бір қажеттілік. Ойынға уақытын босқа жұмсамай, ұдайы алға ұмтылу ғана адамды алға жылжытады. Осы тұста бір айта кететін жайт, Мағжан өмір сүрген тарихи дәуірде ойын кеңістігі онша кең емес еді. Ал қазіргі жасөспірім өзі үшін ойынның әртүрлілігімен, көптілігімен бірден оның болмысын алатын мәдени-рухани ортаға тап болып отыр.

Соңғы кездері біздің республикада түнгі клубтар мен ойынханалар «күмәнді» қонақүйлер құмырсқадай қаптап, олар жастарды моральдан айыратын, нашақорлық пен жезөкшелік сияқты өркениетті азғындықтар ұясына айналуда. Мұндай жағдайда Мағжанның «Қарағым, оқу оқы» деген

ұлағатты сөзінің маңыздылығын одан әрі арттыра түседі. Ойын, бос уақыт өткізу, одан басқа да әртүрлі далбасалықтан адам баласын азат етіп, оны рухани көтеретін бірден-бір құрал- білім алу. Мұны қазіргі жастарымыз түсінеді. Білім алып талпынған жастарымыздың саны көбеймесе, азайған жоқ. Бұл біздің республика үшін өте жақсы үрдіс.

Соңғы жылдары қоғамдық сананың барлық деңгейінде жаңа типтегі Қазақстан азаматын тәрбиелеу қажеттігі пісіп жетілді. Оның іргелі қасиеттері мынадай құндылықтардан тұрады:

- туған жерін, елін, Отанын сүю;
- ұлттық мәдени дәстүрлер мен діл талаптарына адалдық танытып, оларды қастерлеу шама шарқы келгенше оларды орындау;
- өз өмірінің бағыт-бағдарын анықтап, алдына мақсат қоя алу;
- өз ісінің майталман шебері болу;
- қоғамды және онымен бірге өзін де тұлға етіп қалыптастыруға негіз болатын идеяны жақтаушы және қорғаушы болу;
- заңды құрметтеуге ұмтылу;
- салауатты өмір салтын сүю және ұстану;
- ертеңіне сеніммен қарай алатын оптимист болу. Бұл қазіргі стратегиялық міндет.

Мағжан қазақ халқын өз өміріне ойлана қарап, оның мәнін түсінуге, өмірде не жақсы, не жаман, не ақ, не қара, не түзу, не қисық екенін айыра алу жолында білімнің, ақылдың, еңбектің орнын көрсете білген. Оның шығармашылығының адамшылыққа, ізгілікке, парасаттылыққа, достыққа тәрбиелеудегі орны ерекше. Ойшыл ақын жастарды тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлді. Өйткені, ол арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті, отты көзді, жалынды сөзді, иманды, аппақ көңілді жастарға сенді, оларға үлкен үміт артты. Халықтың өскелеңдігі мен жарқын болашағы оның жастарында деп есептеді.

— Білімнің көмегімен ұлттық құндылықтарымыздың құдыретін танып, оның мәдени-тарихи негіздерін игеріп, адамзат игілігіне қызмет ету аясында кеңейтеміз, ұлттық тәрбиедегі туған жер, ата-қоныс, елдік пен ерлік, азаматтық пен адамгершілік, имандылық пен парасаттылық, өмір өткелдері, қоғам жайлы философиялық толғау тұжырымдарын, шешендік өнерді дүниеге келтірген даналарымыз бен ойшылдарымыздың адамзаттың рухани дамуындағы қайталанбас орнын анықтаймыз; ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлесімді дамыта отырып, адамзаттың бүгінгі мен ертеңіне қызмет етуін қамтамасыз етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарикбаев К.Б. Становление основ научной психологии в Казахстане (история и этапы развития в XX веке): автореф. д-ра психол. наук: 19.00.01. –Алматы, 2001.
2. Нысанбаев Ә.Н. Мағжан Жұмабаевтың философиясы. – Алматы:

Қазақстан, 2003.

3. Көшенова Р.Н. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасы: пед. ғыл. канд. автореф.: 01.00.01. – Алматы, 1995.
4. Сенкібаев С.Е. М. Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын мектептік оқу тәрбие үрдісінде пайдалану жолдары: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2005.
5. Қойгелдиев М. Түркістанның ұлы перзенті // Қазақ тарихы. — 1997.
6. Саркин Н. Киргизское стихотворение об Александре Македонском // Вопросы истории, археологии и этнографии. – Казань, 2001. – Т. 21.
7. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. – Алматы, 1994.
8. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихындағы даналық проблемасы: филос. ғыл. докт. ... автореф.: 09.00.03. – Алматы, 1999.
9. Нұрмұратов С.Е. Халықтың негізгі рухани құндылықтары // Қазақ даласының ойшылдары (ХУ-ХІХ ғғ.). – Алматы, 2004.
10. Нұрланова Қ.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1987.
11. Нысанбаев А.Н. Казахская философия и универсалии традиционной культуры // Саясат. – 2001. – №3.
12. Сегізбаев О.А. Казахская философия ХУ начала ХХ века. – Алматы: Ғылым, 1996.
13. Жұмабаев М. Педагогика. Баланы тәрбиелі қылу жолдары. – Алматы: Рауан, 1993.
14. Жарықбаев Қ. Қазақтың тәрбиелік ой-пікір антологиясы: VI ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезең. – Алматы: Рауан, 1994.
15. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992.
16. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. — Алматы: Ғылым, 1994.
17. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924.

Резюме

Бұл мақалада М. Жұмабаевтың тұлғаның қалыптасуындағы білімнің рөлі туралы ойлары қарастырылған.

Resume

In this article the role of education in the formation of personality according to M.Zhumabaev is enlightened.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ЕМЕЛЬЯНОВА Е.В.

**АНАЛИЗ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ УНИВЕРСАЛИЙ
НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА**

Фразеологические единицы, фразеологические единства, фразеологические сочетания, клише, пословицы, поговорки, присловья.

В статье рассматриваются основные виды фразеологических единиц, способы их образования и функционирования, интерлингвистическая связь фразеологизмов европейской языковой группы.

У исследователей фразеологического состава изучаемых языков имеется множество мнений о том, что такое фразеологизм, причем наблюдается разница во взглядах на то, каков состав таких единиц в каждом из языков. Наиболее известны классификации фразеологизмов Е.Агриколы, И.И.Чернышевой, А.Роткегель, . Авторы по-разному определяют отнесенность к фразеологизмам различных групп словосочетаний и степень устойчивости словосочетаний. Так, например, Г.Л.Пермяков в состав фразеологизмов включает пословицы, поговорки, присловья, крылатые слова, афоризмы, а Е.Агрикола к фразеологизмам относит простые фразеологические сочетания, фразеологические единства и идиомы. Фразеологический словарь русского языка в состав фразеологизмов языка включает различные описательные и аналитические обороты речи, сложные союзы, сложные предлоги, составные термины. В целом фразеологизм характеризуется как «сочетание слов с переносным значением», как «устойчивое словосочетание с идиоматическим значением», как «устойчивая фраза». Фразеологизмам присущи метафоричность, образность, экспрессивно-эмоциональная окраска Теа Шиппан в книге «Лексикология современного немецкого языка» под фразеологизмом понимает «устойчивое единство, состоящее более чем из одного слова». Основная сфера фразеологического состава языка характеризуется у него воспроизводимостью, устойчивостью, лексикализацией, идиоматичностью. Автор называет основные критерии фразеологичности и приводит их подробное описание: воспроизводимость (фразеологизмы являются относительно постоянными компонентами языковой системы, воспроизводимыми как единство, без новообразований); устойчивость (фразеологизмы представляют собой относительно языковую целостность, их видоизменение возможно лишь в незначительной степени). Лексикализация (фразеологизмы, по сравнению

о свободной синтагмой, образуют новое семантическое единство; конститутанты фразеологизма могут терять свою самостоятельность частично, либо полностью); идиоматичность (значение фразеологизма не может быть истолковано по значению его конститутантов) [3,с.47]

Классификация фразеологических единиц также в качестве основных критериев фразеологичности выделяет лексикализацию и идиоматизацию, как, например, в словосочетаниях: *in Bausch und Bogen, klipp und klar, für jmdn durch Feuer gehen*, которые воспринимаются только как фразеологически единства. Далее, во фразеологических оборотах, типа: *mit Mann und Maus* невозможна замена одного из конститутантов другим словом, как например: *mit Frau und Maus, ohne Mann und Maus*, так как значение данного фразеологизма «*mit allen*» не может быть истолковано из значений «*Mann*» или «*Maus*». Фразеологизмы и с точки зрения синтаксиса представляют собой:

а) непредиктавные словосочетания, напр.:

zwischen Tür und Angel; die Flinte ins Korn werfen;

б) устойчивые предикативные конструкции, напр.:

Ihn sticht der Hafer;

в) устойчивые предложения, напр.:

Da beißt die Maus keinen Faden ab.

В исследованиях по фразеологии В.В. Виноградов предлагает классификацию фразеологических единиц по степени семантической слитности. Характеризуя особенности семантики фразеологических сращений и фразеологических единств, он проводит аналогию между фразеологическими единицами и словами в отношении мотивированности их значения. Значение фразеологических сращений, по его мнению, независимо от их лексического состава, от значений их компонентов, условно и произвольно, как значение немотивированного слова. Например, в работе «Об основных типах фразеологических единиц» он отмечает, что фразеологическое сращение представляет собою семантическую единицу, однородную со словом, лишенную внутренней формы. Автор ограничивает фразеологические единства от фразеологических сращений и отмечает, что в первых «целостное значение мотивировано». Восприятие мотивированности значения фразеологического единства опирается на осознание его лексического состава, а также на связь значения целого и значения составных частей выражения [2,с.121-137]

И.И. Чернышева разграничивает фразеологические единства, фразеологические выражения и фразеологические сочетания по характеру значения, возникающего в результате взаимодействия структуры, сочетаемости и семантического преобразования компонентного состава.

Фразеологические единства возникают на основе семантического переосмысления или сдвига переменных словосочетаний. Новое, фразеологическое значение создается не результате изменения значения

отдельных компонентов словосочетания, а изменением значения всего комплекса «как бы наложением на него свежего семантического или экспрессивного пласта» [6,с.39]. Во фразеологическом единстве поглощается и теряется индивидуальный смысл слов-компонентов. Они образуют неразложимое семантическое целое. Именно этому разряду фразеологии присуще семантическое единство или семантическая целостность. При всем этом, значение целого связано с пониманием «образного стержня фразы» [6,с.39], с осязательностью переноса значения, что и составляет «внутреннюю форму», или образную мотивированность фразеологического единства. Например: jmdm den Kopf waschen- намыливать кому-либо шею (голову); keinen Finger krümmen- не ударить палец о палец; etw.auf Eis legen- заморозить не давать ходу.

Образная мотивированность фразеологического единства может с течением времени побледнеть и ослабеть до полной демотивации. Это, как правило, имеет место в тех случаях, когда фразеологическая единица образуется на переосмыслении таких переменных словосочетаний, которые являлись первоначально обозначениями конкретных обычаев народа и вышли с течением времени из употребления. Например:

Den Stab über jmdn brechen- вынести приговор кому-либо (буквенно разломить над кем-либо палку); сюда же bei jmdn in der Kreide stehen- быть чьим-либо должником (буквенно быть у кого-либо в мелу)

Однако демотивация фразеологического единства не влияет ни на его экспрессивность, ни на его функционально-стилистическую принадлежность. Значение подобных единиц, образующееся на основе переосмысления переменного словосочетания, обладает абсолютной экспрессивностью, т.е. оно экспрессивно вне зависимости от контекста. Оно существует в связи с данным материальным составом фразеологизма также и в том случае, когда постепенно ослабевает и затемняется тот образный стержень, который служил основой мотивированности фразеологических единиц. Следовательно, звуковой состав демотивированных фразеологических единиц (идиом) воспринимается носителем речи как определенный словесный комплекс, который имеет традиционно закрепленное значение, экспрессивность и функционально-стилистическую принадлежность.

Термин «фразеологические единства», с точки зрения И.И.Чернышевой, наиболее точно передает структурно-семантическую специфику фразеологизмов этого типа: целостное значение (семантическое единство), возникающее на основе переосмысления всех компонентов словосочетания.

Образование целостного значения на основе семантического сдвига всего компонентного состава фразеологизма является общим признаком фразеологических единств. Синтаксическая структура этих

фразеологизмов может иметь несколько разновидностей, среди которых особенно типичным является словосочетание.

Рассмотрим две разновидности фразеологических единств, которые имеют твердо фиксированные структурные особенности. Такими фразеологизмами являются парные сочетания слов и компаративные фразеологические единицы.

1. Парные сочетания слов составляют значительный слой фразеологии и образуют поэтому ее специфическую особенность. Парными сочетаниями слов называются фразеологизмы с целостным смыслом, возникающим в результате семантического преобразования сочинительных сочетаний, включающих два однородных слова (существительные, прилагательные, глаголы, наречия) и соединяемых при помощи союза *und* реже *oder* или *weder...noch*

Смысловая целостность парных сочетаний обусловлена двумя причинами:

1. единством образа в метафорических парных сочетаниях, например: *unter Dach und Fach*, *zwischen Tür und Angel*, *hinter Schloß und Riegel*, *mit Haut und Haar*

2. отнесенностью к одному и тому же или близким понятиям (при синонимичных или тематически близких компонентах), например: *Art und Weise*, *schalten und walten*, *hoffen und harren*, *leben und weben* или отнесенностью к родовому понятию более высокого порядка (при компонентах-антонимах), например: *Tag und Nacht*, *groß und Klein*, *arm und reich*.

Характерными морфологическими особенностями этих парных сочетаний является отсутствие артикля и опущение флексии. Артикль отсутствует у преобладающего большинства парных соединений и у всех парных повторов.

Опущение флексии у первого или обоих компонентов является следствием семантической целостности фразеологизма. Данная закономерность наблюдается также и у парных сцеплений, компонентами которых являются прилагательные, например: *ein klipp und klares Ja* а не (*ein klippes und klares Ja*)

«Морфологическим следствием» семантической целостности парных сочетаний является также и своего рода выравнивание грамматического рода субстантивных компонентов в следующих случаях: *mit all ihrem Hab und Gut*, *für ihr Hab und Gut*.

Подобно копулятивным сложным существительным, парное сочетание принимает род последнего компонента-существительного *das Gut*, хотя первый компонент-существительное женского рода- *die Habe*.

Семантическая целостность фразеологизмов поддерживается фонетическими средствами. В этом плане наибольшее значение имеет ударение, три вида рифмы (аллитерация, конечная рифма, ассонанс)

нарастание компонентов. При наличии неравных о величине компонентов парные сочетания подчиняются закону нарастающих членов (hoch und heilig)

